



## **Сәкен Сейфуллин туғанына 130 жыл толуына арналған «Қазақ әдебиетінің ақсұңқары» аймақтық фестивалінің БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ**

Астана қаласының білім беру ұйымдарына жеке адамдардың есімдерін беру туралы Астана қаласы әкімдігінің 20.07.23 ж., №107-1442 қаулысына сәйкес 2023 жылдың 1 қыркүйегінен бастап №80 мектеп-гимназиясына Сәкен Сейфуллиннің есімі берілді. Ақын, жазушы, қоғам қайраткері қазақ әдебиетінің ақсұңқары Сәкен Сейфуллиннің 130 жылдық мерейтойына орай жалпы білім беру мекемелерінің педагогтері мен білім алушылары арасында өтетін «Қазақ әдебиетінің ақсұңқары» аймақтық фестиваліне қатысуға шақырамыз.

Фестивальде ақынның өмірі мен шығармашылығын зерттеуші ғалымдар, ақын-жазушылар, қоғам қайраткерлерінің құнды пікірлері тыңдалып, педагогтер мен білім алушыларға арналған байқаулар ұйымдастырылады. Республика көлеміндегі С.Сейфуллиннің есімі берілген мектептердің ерекшеліктері және Сәкен мұражайлары мен кабинеттерінің білім алушылар мен педагогтердің шығармашылық және зияткерлік қабілетін арттырудағы құндылықтарын дәріптейтін телекөпір өтеді деп күтілуде.

Фестиваль Қазақстан республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2024 жылы 30 шілдедегі №194 бұйрығына сәйкес «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында өткізіледі.

### **Фестивальдің мақсаты:**

Сәкен Сейфуллиннің шығармашылығын, әдеби мол мұрасын жаңғырту, насихаттау, талантты, шығармашыл оқушыларды анықтап, педагогтердің тәжірибе алмасуын жүзеге асыру.

### **Фестивальдің міндеттері:**

- С. Сейфуллин шығармаларын оқу, мазмұнын ашу, құндылықтарын дәріптеу;
- педагогтер мен білім алушылардың шығармашылық мүмкіндіктерін жүзеге асыру үшін жағдай жасау;
- үздік инновациялық педагогикалық тәжірибелерді анықтау және тарату;
- аймақтық педагог қауымдастығының өзара байланысын орнату, кәсіби қарым-қатынас аясын кеңейту;

- өз жұмыс тәжірибесін жинақтау арқылы педагогикалық қызметкерлердің рефлексивті икемдерін дамыту;
- педагогтердің педагогикалық зерттеу әрекетін ұйымдастыру;
- педагогтер мен білім алушылардың танымдық белсенділігін арттырып, шығармашылық және зияткерлік қабілетін дамыту жұмыстарын сүйемелдеу.

#### **Ұйымдастырушылар:**

- Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК;
- Сәкен Сейфуллин атындағы №80 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК;
- «Бірлескен мұражайлар дирекциясы» МКҚК Сәкен Сейфуллин мұражайы құрылымдық бөлімшесі.

**Өтетін күні, уақыты:** 18 қазан 2024 ж. сағ. 09.00.

**Өтетін орны:** Астана қаласы, Ш.Қосшығұлұлы 17/2, Астана қаласы әкімдігінің «Сәкен Сейфуллин атындағы №80 мектеп-гимназиясы» ШЖҚ МКК.

**Қатысушылар:** Астана қаласының педагогтері және Ақмола облысы, Қарағанды облысы, Жамбыл облысы, Батыс Қазақстан облысы педагогтері мен білім алушылары және республика көлеміндегі С. Сейфуллин есімі берілген білім беру ұйымдарының педагогтері мен білім алушылары, ЖОО оқытушы-профессорлары, ғалымдар, қоғам қайраткерлері.

#### **Фестиваль бағыттары (номинациялар):**

- ✓ «Сыр сандықты ашып қара» педагогтерге арналған шеберлік сынып.
- ✓ «Адам - керуен, өмір – жол» педагог-ақын мүшайрасы.
- ✓ «Арқаның кербез сұлу Көкшетауы...» ақын шығармасына («Көкшетау» поэмасы негізінде) комикс білім алушылар байқауы.
- ✓ «Saken Seifullin «Thorny path» оқушыларға арналған booktrailer
- ✓ «Сәкеннің сырлы әндері» білім алушылар байқауы
- ✓ «Жалпыадамзаттық, ұлттық құндылықтарды дәріптеудегі Сәкен шығармаларының маңызы» педагогикалық оқу

**Өткізу форматы:** офлайн

#### **Шақырылған қонақтар:**

**Әбсеметов Марат Оралбайұлы** «Бірлескен мұражайлар дирекциясы» МКҚК Сәкен Сейфуллин мұражайы құрылымдық бөлімшесінің директоры және музей қызметкерлері;

**Тіреуов Қанат Маратұлы** «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ Басқарма төрағасы-Ректор, ҚР ҚҒА академигі, экономика ғылымдарының докторы, профессор;

**Жүнісов Қанат Құрмашұлы** - әнші, актер, ақын, драматург, театр сахнасында, "Сәкен", "Өмір жолы", "Тайны и судьбы великих казахов" деректі

фильмдерде, "Жамбыл" көркем фильмінде С.Сейфуллиннің рөлін сомдаған;  
**Асылбекова Роза Иманғалиқызы**- Сәкен Сейфуллин мұражайының алғашқы директоры;

**Әбіш Асылгул Рахымжанқызы**- Сәкен Сейфуллиннің туысы;

**Қапаш Қабыкенқызы Құлыш**- Қазақстанның Халық Әртісі, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, профессор, педагог, С.Сейфуллиннің «Көкшетау» әнін орындаушы.

**Пленарлық бөлімнің спикерлері:**

**Әбсеметов Марат Оралбайұлы** «Бірлескен мұражайлар дирекциясы» МКҚК Сәкен Сейфуллин мұражайы құрылымдық бөлімшесінің директоры, ҚР Көркем Академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, филология ғылымдарының кандидаты, профессор.

**Асылбекова Роза Иманғалиқызы**- Сәкен Сейфуллин мұражайының алғашқы директоры, оқу ағарту ісінің озаты, Еңбек ардагері;

**Рақымжан Сағымбекұлы Тұрысбек** Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы;

**Жүнісов Қанат Құрмашұлы** - әнші, ақын, драматург, театр сахнасында "Сәкен", "Өмір жолы", "Тайны и судьбы великих казахов" деректі фильмдерде ғылыми қызметкері, Мәдениет саласының үздігі, "Жамбыл" көркем фильмінде С.Сейфуллиннің рөлін сомдаған актер;

**Ибраева Гүлназия Болатқызы**- С.Сейфуллин музейінің қызметкері, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты.

**Өтетін мекенжай:** Астана қаласы әкімдігінің «Сәкен Сейфуллин атындағы №80 мектеп-гимназиясы» КММ, Ш.Қосшығұлұлы, 17/2.

Қосымша ақпарат үшін: Аманова Т.С. 87771773129

*«Қазақ әдебиеті әдебиетінің ақсұңқары» Республикалық фестиваліне қатысушы педагогтерден кері байланыс*

